

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 3 (2022)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность
публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CEQT4278>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/VBSX1339>

* **К. Е. Кожаметова¹, Б. Р. Кожаметова²,
А. Ф. Зейнулина³, Г. Қ. Тілеуберді⁴**

^{1,2,3,4}Торайғыров университеті,

Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ҚАЗАҚ САЯСАТКЕРІ СӨЙЛЕУ ПОРТРЕТІНДЕГІ ПРЕСУППОЗИЦИЯЛАР МЕН ИМПЛИКАТУРАЛАР

Осы мақалада қазақ саясаткерлері сөйлеу портретінің прагматикалық аспектілері, пресуппозиция мен импликация ерекшеліктері қарастырылады. Саясаткерлер сөйлеу портретін зерттеудің қажеттілігі бүгінгі қоғамда саясат қайраткерлерінің сөз саптау, астарлап сөйлеу, саралап сөйлеу, шешендігі сияқты мәселелер өзектілігінің артуы негіз болды. Зерттеу материалы ретінде қазақ саясаткерлерінің көпшілік алдында сөйлеген сөздері, берген сұхбаттары, әңгімелесуі, әлеуметтік желіде жазған посттары талданып, прагмалингвистикалық ерекшеліктері айқындалды. Прагмалингвистикадағы пресуппозиция дискурста әлем туралы астарлы болжам немесе сол тұстағы сенім екендігі және оның растығы айтылым барысында күмәнсіз қабылданатынына мысалдар келтірілді. Талдау барысында пресуппозициялар айтушы мен тыңдаушыға да белгілі болуы керек шарттылығы, орындылығы, оның жай хабарлама немесе теріске шығару, сұрақ ретінде болуы нақты бір грамматикалық белгімен (пресуппозиция триггері) немесе лексикалық элементпен байланысты болатын тұстары қарастырылады. Саяси бағыттағы сөйлеуде саналы және бейсана түрде тыңдарманға немесе оқырманға ықпал ететін тілдік бірліктер, айтылымдар (высказывания) мен фразалардың прагмалингвистикалық ерекшеліктеріне мысалдар келтіріліп, саясаткерлердің сөйлеу портреті негізін құрайтын доминанттық белгілерге назар аударылды. Қазақ саясаткерлері сөздеріндегі пресуппозициялар мазмұны, прагматикалық мағынасы, қисындылығы, орындылығы жағынан қарастырылды.

Кілтті сөздер: сөйлеу портреті, қазақ саясаткерлері, прагмалингвистикалық ерекшеліктер, пресуппозициялар мен импликациялар

Кіріспе

Қазіргі қоғам өмірі саясатпен тығыз байланысты. Саясатпен айналыспасаң, саясат сенімен айналысады демекші, тіл, сөйлеу әрекеті саясатта маңызды рөл атқарады. Бұл саясаткерлерге өзінің коммуникативтік ресурстарын зерттеуге және сөз арқылы ниеттерін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін манипуляциялық құрал. Қоғамның саясылануы саясаткерлердің сөйлеу тілін, тілдік тұлғасын, сөйлеу портретін зерттеуге деген қызығушылықты арттыруда. Ал саясаттың лингвистикадағы ерекшелігі оның **дискурсивтік** сипатында. (Дискурсивтік – бұл айтылым шығармасында белгілі бір концептілерді, фреймдерді қолдану арқылы сол әлем бейнесіне, дискурсына айқын немесе астарлы жалғану көрінісі.) Адамның сөйлегенінен оның ой жүйесін, білігінің өресін айқындау қиын емес. Тілді дұрыс жұмсау, прагматикалық тиімді құрал ретінде пайдалану жолдарын білу, оны аккумуляциялау тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі деуге болады. Кез келген айтылған ой оған қатысты **пресуппозициялар мен импликациялардан**, тілдесімнің стандартты бірліктерінен тыс жасалмайды. «Пресуппозиция, айтылым мәнін дұрыс түсінуге мүмкіндік беретін, сөйлеу актілерінің айтылымнан тыс шарттары болып табылады» [1, 72] (**Пресуппозиция** дегеніміз – «семантикалық нәтиже-салдардың әдеттегі логикалық нәтиже-салдарға сәйкеспейтін ерекше түрі» [2, 32]. Демек, айтылған ойды түсінуге мүмкіндік беретін аялық білім жиынтығы лингвистикада пресуппозиция деп аталады. Ауызша сөйлеу актісінде продуцент (автор) пен реципиенттің (оқырман) түсінісуі пресуппозиция ортақтығымен қатар, есту, көру арқылы (дауыс ырғағы, ым, дене, бет қимылы т.б.), қабылдау қабілетімен толықтырылса, коммуникацияның жазбаша формасында тілдік ақпаратты игеру толықтай мәтінге негізделеді. Ал мәтін тілін меңгеру – бұл адамның білім деңгейіне, тезаурусына, өмір тәжірибесіне тікелей тәуелді. Әсіресе, белгілі бір дәрежедегі дайындықтың болуын өзге халық тілі мен ұлттық көркем сөз тілі қажет етеді. Себебі әрбір халықтың рухани және дүниелік өмірін, елдік қасиетін, таным-түйсігін, салт-санасын, қоғамдық қатынастарын танытатын – оның тілі. Кез келген ұлт тілінің өзіне тән ерекшеліктері болады. Ол халықтың рухани өмірі мен діліне байланысты болып келеді [3, 73].

Табысты қарым-қатынас жасауда бірқатар семантикалық және прагматикалық шарттар сақталуы қажет, олар айтылымда анық көрініс таппауы мүмкін, бірақ қарым-қатынас нәтижесіне әсер етеді. Бір жағынан, айтылым мазмұнының саналы түрде ойланып айтылуы және шындық тұрғысынан күмән тудырмау керектігі. Екінші жағынан, сөйлесім актісіндегі айтылым ниеті қарым-қатынас жағдайына сәйкес болу шарттары **«пресуппозиция»** деп аталады [4]. **Имплицатура**, А. Н. Баранов сөздігі бойынша, - сөйлесім мағынасының бір бөлігі. Ол айтылған нәрсенің сөзбе-сөз

мағынасынан бөлініп шығарылады, адамдардың нені ашық айтатынын және ол кезде ойларында не тұратынын ажырату [5, 288]. Имплициттеу дегеніміз – тұспалдау, бір нәрсені тілдік құралдар арқылы тікелей емес, жанамалай көрсету, меңзеу. Мысалы, анасы баласына: «Ертең үшінші тоқсанның соңғы аптасы ...» дегені, «сабаққа мұқият дайындалатын бол!!!» деген ойын жеткізіп тұр. Яғни прагматикалық стратегиялық ұстанымдар мен түрлі тілдік құралдар айтылымды мақсатқа жеткізетін құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер

Қазақ саясаткерлерінің сөйлеген сөздері мен берген сұхбаттары талданданып, прагмалингвистикалық ерекшеліктерін айқындау, сөйлеуде саналы және бейсана түрде тыңдарманға немесе оқырманға ықпал ететін тілдік бірліктерге мысалдар келтірілді, сөйлеу барысында тілдің прагматикалық қызметі қолданысы, пресуппозициялары бар айтылымдардың ақпаратты қабылдауға тигізетін әсері қарастырылып, оның пәрменін жүргізу (манипулятивный) әлеуеті бағаланды. Осылайша, мақалада қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретін қарастыру прагматика, дискурс, стилистика, шешендік тұрғысынан талданды.

Нәтижелері мен талқылауы

Саяси дискурстың үгіт-насихат бағытында қарама-қайшы пресуппозициялар оң немесе теріс пікір қалыптастыру үшін және имплицитті (астарлы) айтылымдарды талдау кезінде қолданылады. Имплицитті ақпарат «мәтіннің тікелей мағыналық құрамында болмауы мүмкін, бірақ тыңдаушының көкейіне бекиді. Лингвистикалық прагматика зерттелімдерінде пресуппозицияға баса назар аударылып, айтылымның табысты болу шарты ретінде қарастырылады [6, 49]. Яғни прагматикалық пресуппозиция шарты бойынша айтылым мазмұны орынды, қисынды, табысты және дұрыс болып мойындалады. Мақала мақсаты – қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретіндегі прагматикалық пресуппозициялар әрекетін, мәнін анықтау.

Прагматикалық пресуппозициялардың әрекет етуін астарлы (имплицитті) мағыналарды талдау арқылы жүзеге асыру, сондай-ақ адресаттың кері байланысын осы пресуппозицияларды қорыту нәтижесі ретінде қарастыру. Коммуникант өз айтылымының мазмұны адресатқа белгілі деген оймен құрастырады. Ал пресуппозицияны мәтін мазмұнын барабар түсінуге қажет болатын бастапқы білім деп түсіну керек. Осы ақпарат сегменті прагматикалық пресуппозиция болып табылады. Бірақ кейбір сәттерде прагматикалық пресуппозиция мазмұны адресатқа беймәлім болуы да мүмкін. Пресуппозиция жасырын ұғым категориясы [7, 5], олар «сөз семантикасында және синтаксистік тіркестерде жасырылған грамматикалық белгілер арқылы анықталады» [8, 78]. Мысалы, мәжіліс депутаты Айдос Сарымның «Ratel.kz» аналитикалық интернет-порталға берген сұхбатында

«- ... Это программная историческая речь, которая закрывает целую эпоху. После событий, которые прошли у нас в январе, мы реально проснулись в новой стране – это большое событие, которое делит все ДО и ПОСЛЕ. Это новая реальность, которая обнулила все, что было до этого. Сейчас нужны честные ответы на вопросы, которые мешали доверию.» <https://clck.ru/sQvY2> Осы жерде саясаткер «события января», «обнулила все», «мешали доверию» дегенде, қаңтарда болған **оқиғаны**, бұрын билікке **сенім артуға кедергі келтірген** қандай да бір жағдайлардың болғанын адресат біледі деген оймен айтты. Осы ақпарат сегменті айтылым мазмұнын барабар түсінуге әсер ететін прагматикалық пресуппозиция болып табылады. Пресуппозиция саясаткердің маңызды ақпарат айтуы кезінде сөздерін айқынырақ етіп, тыңдаушыларын жақындастыруға ықпал етеді, сондай-ақ дискурстың манипулятивті стратегиясын қалыптастырады. Демек, саяси дискурстағы пресуппозиция сипаты манипулятивті және айтылымдар астарын күшейтеді. «Қаңтар оқиғасы» бәрі білетін ақпарат ретіндегі пресуппозиция болса, «билікке сенім артуға кедергі келтіретін жағдайлар» дегенде оның манипулятивтік әсерін аңғарамыз, яғни халықтың билікке сенім артатындығы, тек кейбір мәселелер ғана кедергі келтіретіндігін айту арқылы саяси бағытты мойындайтынын байқаймыз.

Пресуппозиция – анықтама бойынша сөйлеу барысында кездесетін лингвистикалық элемент. Сөйлеуші белгілі бір нәрсе жөнінде ол туралы бұрыннан бар білімін саналы немесе бейсана түрде көрсетеді. Кез келген айтылым пайымдауға, адамның бұрыннан бар тәжірибесіне жүгіну арқылы шынайы болмысқа қатыстырылып айтылады. Реципиент айтылымда берілген астарлы ақпаратты «шығарып» алу үшін, ой тұжырымдар тізбегінен өтуі тиіс. Астарлы (имплицитті) ақпаратты қабылдап түсіну анық (эксплицитті) вербалды мағына мен сөйлеу барысындағы пресуппозиция арасындағы байланыс кезінде жүзеге асады [9]. Сонымен қатар пресуппозициялар сөйлеу барысының дамуында ерекше рөл атқарады. Өзара түсіністікке жету үшін, сөйлеушілер арасында ортақ пресуппозициялар болуы қажет. Мысалы, сөйлеушілердің бірі осы пресуппозицияның шындық екеніне сенімді болса да, ол әлі пресуппозиция болмауы мүмкін. Яғни коммуниканттардың барлығы солай ойлайтындығына сенімділік қажет. Прагматикалық пресуппозиция астарлы мағынаны білдіретін көрсеткіш, «айтушы мен тыңдаушыға да белгілі элемент» ретінде қарастырады [10, 256]. Демек, саясаткерге айтылатын ойды қысқа да нұсқа жеткізуге және диалог барысында пәрменін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін күшті тілдік құрал деуге болады.

Прагматика ұғымын түсіну үшін, мына қарапайым мысалды қарастырайық: «Саған Айша мен Айжан ұнай ма?» деген диалог сұрағына «Маған Айша ұнайды», - десе, бұдан нені білуге болады? Оған Айша

ұнайтынын түсінеміз, сондай-ақ, Айжан ұнамайтынын да ұғамыз. Олай айтылмаса да, іштей ұғынамыз. Осы жерде сөзбен нақты айтылмаған ақпаратты іштей ұғыну, ол ақпараттың қайдан, қалай пайда болатындығын, түзілетіндігі мен қорытылатындығын – прагматика қарастырады. Яғни лингвистикадағы прагматика – айтылым ішіне тікелей сөздер арқылы қатыспаған, кіріктірілмеген мағына мен мәндер. Демек, маған Айша ұнайды дегенде, мен нақты Айша ұнайтынын айтамын, бірақ сіз, менің айтқанымнан басқаны да түсінесіз. Осы «басқаны» прагматика зерттейді және сол «басқа» импликатура деп аталады. Импликатура – бұл, сөйлеу барысында нақты айтылмаса да, сондай-ақ сөзінің логикалық қорытындысы болмаса да, оның шындыққа жанасатынын іштей түсінетін тұжырым. Айша маған ұнайтындықтан, Айжан ұнамайды деген қорытынды шықпайды ғой. Бұл жерде Пол Грайстің сөйлеу коммуникациясы пастулаттары - максималары бойынша табысты сөйлесім барысында сақталатын принциптерге назар аударамыз. Олар: артық сөз айтпау, шындықты айту және тақырыптан ауытқымау. Яғни «Маған Айша ұнайды» деген айтылымда осы принциптер бойынша, егер айтушыға Айжан да ұнаса, ол толыққанды жауап беру үшін солай айтар еді. Бірақ ол жауабы шынайы және толық болу үшін олай айтпады. Демек, оған Айжан ұнамайды деген тұжырым – импликатура. Осы принципті көбінесе журналистер қазақ саясаткерлерімен сұхбат жүргізгенде қолданады. Мысалы, «**Президент латифундистерге сөзін өткізе алмаған әкімдерді сынап тастады**» деген атаумен Хабар 24 Телеарнасында шыққан бейнежазбада Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың: *«Мал жаятын жерлерге шаруалардың қолы жетпей жүр. Өйткені мұндай алқаптарды кейбір «белгілі адамдар» иеленіп алған. Тіпті оны адам аяғы баспайтындай етіп қоршап тастаған. Әкімдер түрлі себептерді сылтауратып, ықпалды адамдардың ығына жығылып, бұл мәселені шеше алмай отыр. Үкімет құзырлы органдармен бірлесіп, осы ахуалды өзгертетін батыл шаралар қабылдауға тиіс.»* [11], деген сөзінде тыңдаушының саналы назары жағдайдың бағалауыштық мәніне, яғни шаруалардың мал жаятын жерінің жоқтығына, әкімдердің бұл мәселені шеше алмайтындығына аударылып, негізгі мәселе кейбір «белгілі адамдардың» алқаптарды иеленіп алуы, оны қоршап тастауы сияқты импликатуралармен елімізде заңға бағынбайтын, кез келген әрекетін жүзеге асыра алатын адамдар билік айналасында бар екені айтылмаса да, біз іштей соны ұғынамыз.

Имплицитті семантикасы бар айтылымдар ойдың вербалды шеңбері мен астарлы мәннің болуы және сөйлеу әктісі кезіндегі қисыны келіскен, орынды айтылуымен сипатталады. Айтушы мен тыңдаушыға ортақ «жалпы білімдер қоры» [12, 13] да осы сөйлеу әктісіне өзекті болып табылады. Мысалы, «ықпалды адамдардың ығына жығылып» деген айтылымдағы еліміздегі

ықпалды адамдардың бары екі жаққа да (айтушы мен тыңдаушыға) белгілі ақпарат ретінде айтылып, «ығына жығылу» фразеологиялық тіркесі арқылы сол ықпалды адамдарға тәуелді, өзінің саналы еркімен әрекет ете алмайтын, көңбіс, тіпті заңға да қайшы келетін әрекеттер жасайтын шенділер, әкімдердің бары тура айтылмаса да, астарлы түрде беріліп тұр.

Қазақстанды түбегейлі жаңғыртуға, трансформациялауға көшкен кезеңде, түрлі салада ауқымды өзгерістер жүзеге асуда. Ел Президенті *«кейбір ықпалды, белгілі адамдар»* жылдар бойғы заңсыз әрекеттерін одан әрі жалғастыра беруді көздеп, неғұрлым жоғары билікке ие болуды көксейтіндігін, 2022 ж. 16 наурызда берген *«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ»* Жолдауында [13] атап айтқан. Осы жерде имплицитті (лат. *implicite* жасырын, анық емес) мағына тілдік материал арқылы ашып көрсетілмей, контекст арқылы білініп тұрған жасырын мағына: *бұрынғы билік тұсында* заңсыз әрекеттер жасалып, оны әдетке айналдырып алған «белгілі адамдардың» мақсаты ендігі уақытта әшкереленіп, ойлары оңай жүзеге аспайтындығы.

Қорытынды

Ойды имплицатура арқылы жеткізгенде, эксплицитті (ашық) айтқандағыдай емес, адресат оны бағалаудан гөрі қабылдауға, мойындауға жақын тұрады. Себебі адресат ақпаратты дайын күйінде алмай, түйініне өзінің ішкі пайымдауы арқылы жетеді. Жоғарыда жасалған талдаулар негізінде қазақ саясаткерлерінің сөйлеу портретіндегі прагматикалық пресуппозициялар мен имплицатуралар (астарлы (имплицитті) мағыналар) жасырын ұғым категориясы екені және саясаткердің маңызды ақпарат жолдауы кезінде сөздерін айқынырақ, көлемді етіп, тыңдаушыларымен жақындастыруға ықпал ететін, дискурстың манипулятивті құралы екенін байқаймыз. «Шығарсаң бір жаман сөз сен аузыңнан, Артыңнан айдаһар боп сені қуар», деп Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы ағамыз айтқандай, саясаткердің аузынан шыққан әр сөзге деген жауапкершілік өте жоғары екенін ескерсек, имплицатура мен пресуппозициялар мәні ойды астарлап жеткізіп, тура ашық айтудан бойын аулақ ұстауға мүмкіндік беретін құрал деуге болады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Жарина, О. А.** Сущность терминов «пресуппозиция» и «презумпция» в современной когнитивной лингвистике // Балтийский гуманитарный журнал. 2017 Т.6. №4(21). С. 70–72.

2 **Арутюнова, Н. Д., Падучева, Е. В.** Истоки, проблемы и категории прагматики // Новое в зарубежной лингвистике. Лингвистическая прагматика. – М., 1985. – Вып. 16. – С. 32.

3 **Хабиева, А. А.**, Махамбет шығармаларының пресуппозициялық мәні // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. № 2 (150). – Алматы, 2005 – 73-79 бб.

4 **Мельникова, Л. С.** «К вопросу о семантических пресуппозициях побудительных речевых актов (на итальянском языковом материале)» Вестник БГУ, 2014., сер.4, № 1. – с. 61 [Электронды ресурс]. – <https://clck.ru/qAkBQ>

5 **Баранов, А. Н., Добровольский, Д. О.** Англо-русский словарь по лингвистике и семиотике. – М., 1996. – 647 с.

6 **Арутюнова, Н. Д.** Понятие пресуппозиции в лингвистике. — «Известия АН СССР». Серия литературы и языка, 1973, т. 32, № 1.

7 **Звегинцев, В. А.** Предложение и его отношение к языку и речи / В. А. Звегинцев; изд. 2-е, стереотипное. – М., 2001:

8 **Кацнельсон, С. Д.** Содержание слова, значение и обозначение. М., URSS, 2004. – 112 с.

9 **Бутакова, А. Д.** Семантические парадоксы в условиях языковой игры (на материале периодики): диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Волгоград, 2014.

10 **Безугла, Л. Р.** Вербалізація імпліцитних смислів у німецькомовному діалогічному дискурсі: монографія / Л. Р. Безугла. – Харків: Харківський нац. ун-т імені В. Н. Каразіна, 2007. – 332 с.

11 [Электронды ресурс]. – <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/zholdau-2021/item/495869-prezident-zhajlymydy-zherlerdi-kejbir-belgili-adamdar-ielenip-al-an>; www.24.kz

12 **Лисоченко, Л. В.** Высказывания с имплицитной семантикой. – Ростов-на Дону: Из-во Ростовского ун-та, 1992.

13 [Электронды ресурс]. – <https://clck.ru/qFQVK>

References

1 **Zharina, O. A.** Sushhnost` terminov «presuppoziciya» i «prezumpciya» v sovremennoj kognitivnoj lingvistike [The essence of the terms «presupposition» and «presumption» in modern cognitive linguistics]/Baltijskij gumanitarny`j zhurnal.– 2017. – P. 6. - №4(21). – P. 70–72.

2 **Arutyunova, N. D., Paducheva, E. V.** Istoki, problemy` i kategorii pragmatiki [Origins, problems and categories of pragmatics]// Novoe v zarubezhnoj lingvistike. Lingvisticheskaya pragmatika. – М., 1985. – Issue 16. – p. 32.

3 **Xabieva, A. A.**, Махамбет шығармаларының пресуппозициялық мәні [Presuppositional significance of makhambet's works] // ҚР ҰҒА хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. № 2 (150). – Алматы, 2005 – p. 73-79 .

4 **Meľnikova, L. S.** «K voprosu o semanticheskix presuppoziciyax pobuditel'ny'x rechevy'x aktov (na ital'yanskom yazy'kovom materiale)» [On the question of semantic presuppositions of motivational speech acts (in Italian language material)] Vestnik BGU, 2014., ser.4, №1. – P. 61 [Electronic resource]. – <https://clck.ru/qAkBQ>

5 **Baranov, A. N., Dobrovol'skij, D. O.** Anglo-russkij slovar' po lingvistike i semiotike. [English-Russian Dictionary of Linguistics and Semiotics] – M., 1996. – p. 647 .

6 **Arutyunova, N. D.** Ponyatie presuppozicii v lingvistike. – «Izvestiya AN SSSR». [The concept of presupposition in linguistics] Seriya literatury' i yazy'ka, 1973, p. 32, № 1.

7 **Zvegincev, V. A.** Predlozhenie i ego otnoshenie k yazy'ku i rechi [Sentence and its relation to language and speech]/ V. A. Zvegincev; izd. 2-e, stereotipnoe. – M.2001:

8 **Kacznel'son, S. D.** Soderzhanie slova, znachenie i oboznachenie. [The content of the word, meaning and designation] M., URSS, 2004. – 112 p.

9 **Butakova, A. D.** Semanticheskie paradoksy' v usloviyax yazy'kovoj igry' (na materiale periodiki):dissertaciya na soiskanie uchenoj stepeni kandidata filologicheskix nauk, [Semantic paradoxes in the conditions of a language game (based on the material of periodicals)] – Volgograd, 2014.

10 **Bezugla, L. R.** Verbalizacziya implicitnix smisliv u nimecz'komovnomu dialogichnomu diskursi: monografiya [Verbalization of implicit meanings in German-language dialogic discourse: a monograph] / L.R. Bezugla. – Xarkiv: Xarkivs'kij nacz. un-t imeni V.N. Karazina, 2007. - 332 p.

11 [Electronic resource]. – <https://24.kz/kz/zha-aly-tar/zholdau-2021/item/495869-prezident-zhajylymdy-zherlerdi-kejbir-belgili-adamdar-ielenip-al-an>; www.24.kz

12 **Lisochenko, L. V.** Vy'skazy'vaniya s implicitnoj semantikoj. [Statements with implicit semantics] Rostov-na Donu: Iz-vo Rostovskogo un-ta,1992.)

13 [Electronic resource]. – <https://clck.ru/qFQVK>

Материал 08.09.22 баспаға түсті.

*К. Е. Қожахметова¹, Б. Р. Қожахметова², А. Ф. Зейнулина³, Г. Қ. Тілеуберді⁴

^{1,2,3,4}Торайғыров университет,

Республика Қазақстан, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 08.09.22.

ПРЕСУППОЗИЦИИ И ИМПЛИКАЦИИ В РЕЧЕВОМ ПОРТРЕТЕ КАЗАХСКОГО ПОЛИТИКА

В данной статье рассматриваются особенности пресуппозиций и импликаций в прагматическом аспекте речевого портрета казахских политиков. Необходимость изучения речевого портрета политика в современном обществе обусловлена возросшей актуальностью таких проблем, как ораторское мастерство, речевая культура, импровизация, логичность речи и т.д. современных общественных деятелей и политиков. В качестве материала исследования выбраны публичные выступления, интервью, беседы казахских политиков, посты в социальных сетях, выявлены их прагмалингвистические особенности. Приведены примеры пресуппозиции в прагмалингвистике, как представление картины мира в дискурсе, фоновые смыслы высказываний которых воспринимается без сомнения в ходе речевого акта. В ходе анализа речевого портрета казахских политиков рассматривались пресуппозиции и имплицитность в их выступлениях, обусловленность, целесообразность в простых сообщениях, опровержений, постановки вопросов. Анализируется связь с конкретным грамматическим признаком (триггером пресуппозиции) или лексическим элементом, которые сознательно или неосознанно воздействуют на слушателя или читателя в ходе речевого акта. Приведены примеры языковых единиц (высказываний) политической направленности в прагмалингвистическом аспекте и определены доминантные черты, составляющие основу речевого портрета политиков. Рассмотрен широкий смысл прагматической пресуппозиции их логичность, целесообразность в контексте высказываний казахских политиков.

Ключевые слова: речевой портрет, казахские политики, прагмалингвистические особенности, пресуппозиции и импликации

*K. E. Kozhakhmetova¹, B. R. Kozhakhmetova², A. F. Zeinulina³, G. K. Tileuberdy⁴

^{1,2,3}Toraighyrov University,

Republic of Kazakhstan, Pavlodar.

Material received on 08.09.22.

PRESUPPOSITIONS AND IMPLICATIONS IN THE SPEECH PORTRAIT OF KAZAKH POLITICIANS

This article examines the features of presuppositions and implications in the pragmatic aspect of the speech portrait of Kazakh politicians. The need to study the speech portrait of a politician in modern society is due to the increased relevance of such problems as oratorical skills, speech culture, improvisation, logical speech, etc. of modern public figures and politicians. As the research material, public speeches, interviews, conversations of Kazakh politicians, posts on social networks were selected, their pragmlinguistic features were revealed. Examples of presupposition in pragmlinguistics are given, as a representation of the picture of the world in discourse, the background meanings of statements of which are perceived without a doubt during the speech act. During the analysis of the speech portrait of Kazakh politicians, presuppositions and implicitness in their speeches, conditionality, expediency in simple messages, refutations, and questions were considered. The connection with a specific grammatical feature (presupposition trigger) or lexical element that consciously or unconsciously affect the listener or reader during the speech act is analyzed. Examples of linguistic units (utterances) of political orientation in the pragmlinguistic aspect are given and the dominant features that form the basis of the speech portrait of politicians are determined. The broad meaning of the pragmatic presupposition of their logic, expediency in the context of the statements of Kazakh politicians is considered.

Keywords: speech portrait, Kazakh politicians, pragmlinguistic features, presuppositions and implications.

Теруге 08.09.2022 ж. жіберілді. Басуға 30.09.2022 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

2,57 МБ RAM

Шартты баспа табағы 18,53. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Тапсырыс № 3975

Сдано в набор 08.09.2022 г. Подписано в печать 30.09.2022 г.

Электронное издание

2,57 МБ RAM

Усл. печ. л. 18,53. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректор: А. Р. Омарова, Т. К. Оразалинова

Заказ № 3975

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz